

**Исибаева Е.**

тарих ғылымының кандидаты, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail:isibaeva70@mail.ru

**ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫН  
ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада автор қазақ әдет-ғұрып құқығын жандандырудың өзекті мәселелері қарастырылған. Бүгінгі таңда қайта жаңданып жатқан «әдет-ғұрып құқығы институтының» нышандары мен көріністеріне ғылыми талдау жасалынып, бұл құбылыстың алдыңғы уақытта қалай дамуының әдістері мен жолдары көрсетілді; Қазақтың билер соты өзінің шынайылығымен халыққа ең жақын құқықтық орган болған. Құқықтық құрылымы және сот ісін жүргізуде өзіндік қалыптасқан бай тарихы бар, әлемдік үлгідегі классикалық соттарға қай жағынан да үйлесе алатын бірегей сот жүйесі екеніне дүниежүзіндегі ғалымдар нақты көз жеткізді. Қазақ елінің мыңдаған жылдардан бері ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінде билер сотының алар орны ерекше. Шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет-ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған бұл сот жүйесі ұлттық санамыздағы ұзақ жылғы даму эволюциясында тек әділдік пен ақиқаттың айқын көрінісі ретінде мызғымай келді. Ұлтымыздың өзіне тән осындай құқықтық мәдениеті, оның халық алдындағы беделі мен рөлінің жоғары болуына билер сіңірген өлшеусіз еңбекті барлық қырынан танып білу қажет.

**Түйін сөздер:** әдет-ғұрып, сот жүйесі, билер соты, ұлттық сана, қазақ қоғамы, рухани мәдениет.

Isibaeva E.

Candidate of historical sciences, Aktubinckii regional state university,  
Kazakhstan, Aktobe, e-mail:isibaeva70@mail.ru

**Issues of the day of revival of the Kazakh ordinary right**

In the article the author outlines the urgent issues of activation of Kazakh custom rituals. Today, a scientific analysis of the symbols and manifestations of the «customary law institute of law», which is being revamped, shows how methods and ways of development of this phenomenon were developed in the past; The Kazakh court of justice was the closest legal body to the people by its sincerity. World-wide, scientists have come to see that the legal framework and the unique judicial system that can be combined with the classic courts of the world, with its rich history of judicial proceedings. The judiciary has a special role in the state power of the Kazakh people, which has been in the centuries-old history for thousands of years. This legal system, based on a traditional national tradition, which has long been based on national tradition, has not become indifferent to the evolution of long-term development in our national mind as a clear expression of justice and truth. It is necessary to recognize all the labor of the nation, which is characterized by such a legal culture, its prestige and role in the nation.

**Key words:** customs, judicial system, court of biev, national consciousness, Kazakh society, spiritual culture.

Исибаева Е.

кандидат исторических наук, Актюбинский региональный государственный университет,  
Казахстан, г. Актөбе, e-mail:isibaeva70@mail.ru

**Актуальные проблемы возрождения казахского обычного права**

В статье автор излагает актуальные вопросы активизации казахстанских обычаев. Сегодня научный анализ символов и проявлений «института обычного права», который

обновляется, показывает, как в прошлом были разработаны методы и способы развития этого явления; Судебный суд Казахстана был самым близким юридическим лицом для народа по своей искренности. Во всем мире ученые пришли к пониманию того, что правовые рамки и уникальная судебная система могут сочетаться с классическими судами мира с богатой историей судебного разбирательства. Судебная власть играет особую роль в государственной власти казахского народа, который существует в многовековой истории тысячи лет. Эта правовая система, основанная на традиционной национальной традиции, которая уже давно основана на национальной традиции, не стала безразличной к эволюции долгосрочного развития в нашем национальном сознании как явное выражение справедливости и правды. Необходимо признать весь труд нации, который характеризуется такой правовой культурой, ее престижем и ролью в стране.

**Ключевые слова:** обычаи, судебная система, суд биев, национальное самосознания, казахское общество, духовная культура.

## Кіріспе

Бүгінгі таңда халқымыз ұмыт қалдырған өзіндік әдет-ғұрыптарын, санаға сіңген тәртіп пен этикалық, рухани мәдениетінің онды жақтарын қайта жаңғыртуда. Елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Өйткені, енді ғана тәуелсіздікке өз қолымызды жеткізген сәтте, осынау жылдар бойы қалыптасқан мол рухани байлықты келешек ұрпаққа жеткізу қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан да, ұлттық құқықтық болмысымыздың кейбір жекелеген құрылымдарын жаңа заман талабына қарай икемдеп жасап, пайдалану қажеттілікке айналып отыр. Қазақ халқы тәуелсіз ел болған кезеңнен бастап ерте кездегі мемлекетті басқару тәжірибелеріне аса көңіл бөле бастады. Әрине, ата-бабаларымыздың елді басқарудағы және

құқықтық қатынастардағы дау-дамайларды шешуде ұрпақтарына деп қалдырып кеткен үлгі-өнеге, тәжірибелеріне аса көңіл бөліп, оны жандандыруға деген ұмтылыс бірден-бір дұрыс жол болып табылады. Өйткені, қазіргі кезде елімізді өркениетті елдер қатарына қосу жолында және шынайы құқықтық мемлекет болуда, өзіміздің ұлттық болмысымыз бен ұлттық құқықтық мәдениетіміздің, салт-дәстүрлеріміздің ізгі көріністерін ескергеніміз абзал (Арипов, 2017: 1-2.).

Осындай, құқықтық мәдениетіміздің бір көрінісі, бұл – ертеден келе жатқан «билер институты» болып табылады.

## Әдет-ғұрып құқығының құқықтық бастаулары

Қазіргі таңда елімізде осы дәстүрлі билер институтын қайта жаңғырту үрдісі шынайы көрініске ие болып отыр. Оған баспасөз беттерінен, радио, теледидардан хабарлап жатқандай, еліміздің түкпір-түкпірінде ашылып жатқан «Ақсақалдар алқасы», «Ақсақалдар кеңесі», «Билер кеңесі» сияқты қоғамдық ұйымдар мысал бола алады. Міне, осындай құқықтық мәдениетіміздің қайта жаңғыруы көптеген қоғамтану ғылымдарының, соның ішінде заң ғылымының алдына жаңа міндеттер қояды. Сондықтан да бұл үрдістерді өміріміздің шынайы кейіпкері ретінде зерттеу кезек күттірмей атқарылуға тиісті мәселелердің бірі. Ол бізге бұл қайта түлеудің деңгейін анықтауға, оның объективті алғы шарттарын пайымдауға, оны мемлекетіміздің ұлттық құқықтық жүйесінің арқауы етуге мүмкіндік берер еді (Өтенияз, 1996: 2)

Шындығында да, ұлттық болмысымыздың қайта жандануы тереңнен зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты соңғы кездері осы мәселеге көптеген ғалымдар көңіл бөліп зерттеуде. Сол

ғалымдардың бірі осы мәселеге шынайы көңіл бөліп, оның астарын, құқықтық табиғатын ашуға ұмтылған З.Ж. Кенжалиевтің айтуынша: «...Қазақ халқының әдеп-ғұрып құқығы құқықтық жүйелердің тарихи типі есебінде өмірден аласталысымен, ол туралы ғылыми зерттеу жұмыстары тек тарихи контексте ғана жүргізілді. Әдет заңдары тарих кейіпкері, өткен өмір елесі ретінде қаралып, бағаланды. Оның адамгершілікке, имандылыққа толы прогресивті принциптерін кеңес заңдары бойына сіңірді, жақсы жақтарын өзіне алды деп есептелінді. Ал, «кертартпа» өткенді көксеуге бағытталған «феодалдық сарқыншақ» деп бағаланған әдет-ғұрып нормаларына мемлекет тарапынан жүйелі түрде күрес жүргізілді. Кеңестік дәуірдегі әдет-ғұрып құқығына жалпы көзқарас, мінекей, осындай еді» (Созақбаев, 1994).

Қазіргі кездегі облыс, қала, аудан, ауылдарда ашылып жатқан «Ақсақалдар кеңесі», «Ақсақалдар алқасы», «Билер кеңесі» сияқты қоғамдық ұйымдардың ішкі табиғатын, құқықтық жағын, мән-жайын ашып алмас бұрын, бұл қоғамдық ұйымдардың бастауы болған «билер институтының», «билердің» қоғамдық қатынастардан, өмірден қалай аластатылғанын қарастырып өтелік. Өйткені, бұл сұрақтың астарын ашып алмай, бізге қазіргі кезде жанданып жатқан ұлттық құқықтық мәдениетіміздің мәнін, астарын түсініп алу мүмкін емес. Билердің күні қазақ елі Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін қараң бола бастады. Өйткені, билердің қоғамдағы алатын орнының айрықша екенін Ресей өкіметі өзінің Қазақстанды отарлау саясатының алғашқы жылдарында-ақ байқап, қайткенде де билердің қоғамдық қатынастардағы рөлін төмендету саясатын жүргізуге жанталасып бақты. Сондықтан да өз кезегінде қазақ еліндегі билер институтын патшалық Ресей ғалымдары отарлық саясаттың мақсаттары үшін зерттеп, қазақ елін түгелдей Ресейге бағынышты қылу үшін әуелі билер институтының түп тамырына балта шабу керек деп қорытқан.

Осындай зерттеулерден кейін Ресей өкіметі сөзден іске кірісіп, билер институтын жоюдың амалына кірісті. Осыған байланысты әуелі 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы уставын» қабылдаған Ресей өкіметі қазақ жерінде хандық билікті жойды. Бірақ та «қазақ халқын ыдыратып басқару» саясаты мұнымен шектелмеді. Өйткені, кезінде кей жағдайда ханның өзін алдарында бас игізіп қоятын билер, билер кеңесі сақталып қалған-ды. Осыған байланысты 1822 жылдың 22 маусымында патша өкіметі «Выписка из

Устава о Сибирских киргизах» деген жарлық қабылдады. Қазақ даласын басқару жөніндегі Сперанскийдің 1822 жылдың 22 маусымында қабылданған «Выписка из устава о Сибирских киргизах» жарлығының бес тарауы қазақ даласын басқарудағы сот жүйесіне арналған еді. Осыған дейін өзінің ақылымен, дарындылығымен би болатын адамдар, енді «Устав» бойынша сайланбалы болды және оны патша әкімшілігі өзі бекітетін болды. Осы сайлауға байланысты мынандай деректер сақталған «лучшие люди уклонятся от судейского звания, приобретаемого большею частью подкупами и родовыми связями. Если же некоторые из них пренебрегая брызгливым чувством совместного служения с недостойными людьми и становились в ряды народных судей, то затерянные среди бездарных людей и лихоимцев должны были вскоре же оставить судейское звание, разочарованными и обиженными» дегендей жағдайдың өзі сол кездегі сайлаудың нақты бет бейнесін көрсетіп береді (Созақбаев, 1994).

Осылайша, жоғары патша шенеуніктері билерді өздеріне кіріптар етіп қоюға ұмтылды. Әрине, мұндай саясатты ұстанған патша шенеуніктері өздерінің діттеген мақсаттарына да қол жеткізді. Өз кезегінде академик С. Зиманов сол кездегі билердің жағдайын былай сипаттайды: «Положение биев стало еще более сложным после того, как правительство приняло в 1822 году «Устав о Сибирских киргизах», по которому должности биев были объявлены выборными, последующим утверждением государственной властью. Это открыло большому числу лиц к бийским должностям, создало своеобразную систему двоевластия в родовых отделениях: наряду со старыми биями появились «избранные» новые бий» (Мадуанов, 1995). Өз заманында патша өкіметінің осындай солақай саясатына қарсы болған қазақтың жас ғалымы Ш. Уәлихановтың айтуына қарағанда, сайлау дегеннің өзі формальды ғана нәрсе болған. Сайлау деген зор аты болмаса, бұл сайлауда негізінен патша өкіметінің сөзін сөйлейтін, соның мүддесін көздейтін адам ғана жеңіп шығатын (Зиманов, 2001). Осылай, билер қызметі сайланбалы болғандықтан, оған тек патша шенеуніктеріне пара бере алатын байлар мен жағымпаздар, яғни тек өздерінің пайдасын көздеген адамдар ғана сайлана бастады. «Би» болып құрметті адам емес, керісінше кім көбірек партия жинау мүмкіндігі болса, сатып алу арқылы солар сайланды, одан соң бұндай адамдар ең бірінші сайлауға кеткен шығындарының орнын толтыруға тырысады және сондықтан

дауларды, істерді шешкенде өз құлқынын ойлап отырды.» (Сапарғалиев, 1997).

Ал ерте кезден келе жатқан әділеттілігімен, данышпандылығымен көзге түсетін шынайы қазақтың билері қоғамдық істерден аластатыла бастады. Бірақ та, дау-дамайды ешқандай пара алмастан әділетті де дәл шешетін билер қабылданған «Уставқа» қарамастан халық алдында өз беделін жоғалта қоймады. Көрсетілген «Устав» бойынша, негізінен, билер соты қазақ қоғамындағы барлық дерлік істерді қарап шешуге хақылы болды. Тек мемлекеттік сатқындық, кісі өлімі, тонау мен барымта және өкімет органдарына әдейі бағынбау сияқты «қылмыстық істер» деп бағаланған іс-әрекеттер ғана олардың құзырынан шығарылды. Бірақ өмір көрсеткендей сол кездегі қазақ жерлеріндегі ерекшелік «ол қазақтардың ішіндегі адам өлтіру мен барымта билер қарауында қала берді» (Материалы, 1960: 440). Оған халық аузынан алынған мына бір дерек мысал бола алады. «Кіші жүз бен Орта жүз арасында жер дауы болыпты. Кіші жүз қазақтары мен Орта жүз қазақтары Торғай, Тобыл, Обаған өзендерінің бойы үшін өзара жанжалдасып, көп соғысыпты. Әбден қырылып, берекесі кетіп, бітімге келе алмаған соң, екі жақтың басшылары сол кездегі Орынбордың генерал-губернаторы И. Неплюевке барып, төрелік сұрапты. Бірақ И. Неплюев билік айтудың орнына сол кезде сексен асып тоқсанға келіп отырған қазақтың Жазық би деген биін алдыртыпты. Генерал-губернатор И. Неплюев: «Мен қазақтың тарихын, географиясын білмеймін, қай рудың қай жерде ертеден жайлап, ата-қоныс етіп келе жатқандығы жөнінен де хабарым жоқ. Сондықтан сендерге төрелік айта алмаймын. Ал билікті көпті көрген көне көз қария осы Жазық би айтысын. Екі жағың да сол кісі не десе соған көнесің», – депті. Жазық би көп ойланбай-ақ Торғай, Тобыл, Обаған өзендерінің батыс жағындағы жерлер Кіші жүзге, ал шығыс жағындағы жерлер Орта Жүзге жатсын депті. Сөйтіп ақсақал он жылға созылған жанжалды он-ақ ауыз сөзбен шешіпті». Патша өкіметінің қазақ даласын отарлау саясатындағы ерекше бір тоқталатын тұсы, бұл – билер институтының халық алдындағы беделін түсіру үшін билердің дау бойынша шығарған шешімінен кейін дауласушылар егер оған риза болмаса, Ресей әкімшілігінің органдарына істі қайта қарауды сұрауды (апелляция) заңдастыруы болып табылды. Мұндай жағдай жоғарыда аталған «Уставтың» 218-параграфында айқын көрсетілген: «Ежели бы кто решением биев не был доволен, тогда с представлением ясных до-

казательств может возобновить дело подачею письменной просьбы областному начальству» (Маковецкий, 2005) Омск). Мұндай жағдайды заңгер ғалым З. Кенжалиев өз еңбегінде былай деп сипаттап жазады: «...Көшпелілердің құқықтық мәдениетіне жат, олардың сот билігі жайлы ұғым-түсініктеріне кереғар бұл жаңалық билер сотының қоғамдық құндылығын кемітіп, рухани сын-сипатына нұқсан келтірді» (Кенжалиев З.Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот билігінің кейбір мәселелері // Әділет министрлігінің хабаршысы, 1995, №6, Б. 40 – 47). Көшпелілердің құқықтық мәдениетіне жат, мұндай жаңалықты нағыз қылмыс істегендер, яғни халық қарғысына ұшыраған ұрылар өз пайдасына қарай қолданып, орыс сотына пара беру арқылы жазадан құтылып кетіп отырған. Өз кезегінде орыс сотын жақтап, соған шағымданатындар туралы Ш. Уәлиханов: «...просители эти были ордынцы, заклейменные народным презрением люди вполне безнравственные, которые надеялись незаконными путями через русских чиновников исправить проигранное на народном суде дело. Им было нечего терять» – дей келе, нақты мысалдармен адамдардың аттарын атады. Мысалы, орыс сотын Қосмұрындағы белгілі ұры Қожық және Атбасар гауптвахтасында екі жыл ұсталынған Баубек сұрады. Бұлар билер соты шешімімен құн төлеуге міндеттеліп, гауптвахтаға жауып тасталынған еді. Міне, солар парамен құтылу үшін орыс сотын сұрады, – деп дәл көрсетіп кетті (Кенжалиев, 1996: 14-20).

Сол заманда-ақ жас ғалым Ш. Уәлиханов «Сібір қырғыздары туралы уставтың» теріс жақтарын ашып көрсетсе де, оған патша өкіметі үлкен мән бермеді. Қазақ даласын басқаруда осындай отарлық саясатын жүргізе отырып, ендігі кезекте Ресей әкімшілігі халық ортасынан шыққан, халық мүддесін қорғайтын адал да, абыройлы билердің басшылық рөліне біржолата балта шабуды көздеп 1854 жылдың 19 мамырында «Положение Сибирского комитета о распространении на киргизов Сибирского ведомства общих законов Российской империи» деген заң қабылдады. Бұл заң бойынша би лауазымын алуға жаңа шектеулер қойылды. Бұл туралы отандық заңгер ғалым Қ. Жиреншин мынандай пікір білдіреді: «Расширяя права биев, царское правительство ввело ограничения при занятии этой должности: звание биев сохранялось только у тех, кто его имел, но в будущем оно представлялось только султанам и старшинам, прослужившим шесть лет лицам, имеющим награды, а также всем должностным лицам. Местный суд

был поставлен под контроль правительства, передан в руки лиц, зависящих от русской администрации». Әрине, өз кезегінде патша өкіметінің бұл әрекеті билер сотының Ресей әкімшілігінің алдында дәрменсіздігін, тәуелділігін одан әрі күшейтті. Бұл жалпы билер институтының халық алдында беделінің түсуіне әкеліп соқтырды. Осы кезден бастап халықтың қайнаған ортасынан шығып өзінің даралығымен, ақылдылығымен би болған нағыз билердің дау бойынша шығарған шешімдерін патша өкіметінің әкімшілігі бекітсе ғана орындалды, ал бекітпеген жағдайда орындалмай сөз жүзінде ғана қалатын болды. 1867-1868 жылдары патша өкіметі қазақ даласына жаңа реформалар енгізді. 1867 жылы шілденің он бірінші жұлдызында бекітілген «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Уақытша ереже» және 1868 жылы қазанның жиырма бірінші жұлдызында қабылданған «Орынбор және Батыс Сібір дала облыстарын басқару туралы Уақытша ережені» енгізу арқылы «патша өкіметі қазақ қоғамын шексіз билеп төстеуге мүмкіндік алды» (Зиманов, 2005: 440). Сонымен қатар қабылданған «Уақытша ереже» қазақ қоғамының сот жүйесіне де біршама жаңалықтар енгізді. Реформа қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан билер сотын мүлдем жоққа шығарды. Өйткені, «қазақ қоғамында әділсот ісін жүзеге асыру отарлық әкімшіліктің тікелей бақылауында болды. Сот жүйесінің барлық сатыларында шексіз бассыздық, заңсыздық және пара алушылық кеңінен қанат жайып, адам құқы аяққа тапталды». Осындай реформалардан кейін би деген дәреже енді болыс дегенге өзгертіліп, ал даналығымен, ақылымен би болған шын халықтың жанашырлары сырт қалып қойды. Енді би-болыс деген атақты ақша беріп сатып алатын болды. Ал бұл өз кезегінде дарынсыз, парақор, білімсіз, патша өкілдеріне ғана жағынатын жылпос би болыстардың санын арттыруға жол ашты. Осы кезенді терең зерттеген академик С. Зиманов: «...Огосударствления судебной власти серьезно подорвало престиж и роль старой бийской группы. Заметно снизились требования к личным качествам лич, претендующих на звание биев. Теперь нередко можно было встретить среди биев невежд и весьма недалеких людей, единственным достоинством которых было богатство», – дей келе (Зиманов, 1960), «осуждение массового проникновения на бийские должности неподготовленных или неспособных к этому людей отразилось даже в некоторых поговорках и пословицах», – деп оған дәлел болар мынандай мақал-мәтелдерді келтіреді:

1. «Жеті атасы би болған – жеті жұрттың қамын жер, кенеттен би болған – құлақ-миын, жағын жер».

2. «Мал бақпаған мал бақса, жайламаған сай қоймас. Би болмаған би болса, билемеген ел қоймас».

3. «Соқырдан қарауыл қойсаң, еліңді жауға алдырар. Білмес наданды би қойсаң, жұрттың дауға алдырар». Байқап отырғанымыздай, бұл мақал-мәтелдерде патша өкіметімен енгізілген заң бойынша, сайланған жаңа билерге деген халықтың сенімсіздігін, көңілі толмағандықты көрсетеді.

Осы «Уақытша ереже» қабылданғаннан кейін қазақ даласында басқарудың бұрынғы жүйесі жойылды. Елді басқарудың бір тетігі болып табылатын билер институты екіге бөлінді. Оның алғашқысы ерте заманнан өзінің тумысынан дараланып, халықты ақылымен, даналығымен, тапқырлығымен, шешендігімен тәнті еткен халық қалаулылары болса, ал екіншісі бұл – патша әкімшілігінің «отарлау саясатының» нәтижесі болып табылатын және тек өзінің ғана құлқынын ойлайтын, жағымпаз, парақор билер болды. Әрине, Ресей өкіметінің отарлау саясатының әрі қарай үдей түсуі жоғарыда көрсетілген билердің екіншісінің көбейе түсуіне мүмкіндік берді, яғни болыстықты, би-қазылықты өзінің ақылымен, ойының жүйріктігімен және тағы басқадай дара қасиеттерімен би атанғандар емес, пара беру арқылы халықтың емес, қара басының құлқынын ойлайтын мансапқорлар көбейе түсті. Бұл жөнінде дана Абайдың:

«Бас-басыңа би болған өңшең қиқым», – деп қынжылуы сол кездің көрінісіне айқын куә бола алады (Байшев, Жакиров, 1995). Осылайша, Ресей өкіметінің қазақ елін басқарудағы «отарлық саясаты» әсеріне билер институты қоғамдық қатынастардан шеттетілді. Ал Қазан төңкерісі болып, Пролетариат диктатурасы орнаған 1917 жылдың қараша айының жиырма төртінші жұлдызында Халық Комиссарлар Кеңесі Ресейдің сот жүйесін реформалаған «Сот туралы декреті» шықты. Бұл жарлық буржуазиялық-капиталистік қоғамға тән барлық сот құрылыстарын, соның ішінде қазақтың да билер сотын жойды. Алайда, «...Кеңес үкіметінің алғашқы он жылдығында әдет-ғұрып құқығына баса назар аударылды. Бұл жылдары шеткері ұлттық аймақтардағы халықтардың әдет-ғұрпы мен дәстүрлері, олардың әдет-ғұрып құқығының нормалары үнемі жоғары және жергілікті басқару органдарында, сотта ескеріліп отырды. Алдағы уақытта Кеңес үкіметі бірте-бірте

әдет-ғұрып мәдениетінің мәселелерін назардан тыс қалдырып, соңы әдет нормаларына қарсы күреске айналды». Сол кезде билер сотының өз дәрежесінде іс жүргізетін бірден бір сот инстанциясы екенін дәлелдеген белгілі қазақтың қоғам қайраткерлері мен заңгерлер: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев сияқты қазақ елінің мемлекеттік қайраткерлерінің қазақ еліне тән құқықтық жүйе, сот құрылымы туралы ұсыныстары мемлекет тарапынан терең еленіп, екшеленбеді. Тіпті келе-келе кеңес үкіметі қазақ билерін «үстем тап өкілі, патриархалдық кертартпа қалдықтарды қорғаушылар» деп, халықтың санасында билерге деген теріс пікірді қалыптастырып, би деген адамды қуғын-сүргінге ұшыратты. Сонымен қатар, ғылыми еңбектерді қозғамағанда, тіпті көркем шығармалардың өзінде би туралы баяндалған оқиғаларға байланысты көптеген жазушы-қаламгерлерімізге «ұлтшыл» деген айып тағылып қуғын-сүргінге ұшырағаны баршамызға белгілі. Міне, осылай қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесінің негізгі тірегі, құрылымы болып табылатын билер институты кеңес үкіметінің «тоталитарлық саясатының» ықпалымен өмірден аластатылып, халық жадынан ұмыт қалдырылды.

### Қорытынды

Қазақстан Республикасы бүгінгі таңда өз алдына егеменді ел болғанда жағдай түбегейлі өзгерді. Қазақ халқы қазіргісі мен болашағына ғана үңіліп қана қоймай, өтіп кеткен ел тарихына да жаңа тың көзбен қарауда. Осы бағытта халқымыз ерте кездегі өзіміздің ұлттық құқықтық болмысымызды да қайта жандандыруда. Оған мысал ретінде, қазіргі кезде осы ұлттық құқықтық болмысымыздың, мәдениетіміздің бір тармағы болып келетін билер институтының қайта жандануын, яғни, еліміздің облыс орталықтарында, қалаларда, аудан орталықтарында, ауылдарда ашылып жатқан ақсақалдар кеңесі, ақсақалдар алқасы, билер кеңесін алсақ та жеткілікті. Негізінен осы «Ақсақалдар кеңесі» деген атпен қайта жанданып жатқан құбылысты дәстүрлі құқықтық мәдениетіміздің айқын көрінісі деуге әбден болады. Бұны біздің ұлттық болмысымыздың жаңа кезеңде қайта жаңғыруының бір сынығы деуімізге себеп, ол – рухани дүниемен, тығыз байланысты қазақтың тарихында өзінің пәктігімен, жағымдылығымен санамызға сіңген дала демократиясының көріністері еді. Дегенмен де қазіргі кезде өзіміздің төл құқықтық

мәдениетіміздің бір тармағы болып табылатын билер институтының қайта жандануын көпшілік халықұлкенқуанышпен қарсы алып қолдап жатса, ал кейбір адамдар мұндай жандануды қолдамай, қарсы пікір де айтуда. Ал біз өз кезегімізде осы бір ұлттық құқықтық болмысымыздың қайта жандануын дұрыс па, әлде дұрыс емес пе? – деген осы екі сұраққа жауап іздер алдында, осы «ақсақалдар кеңесін», «ақсақалдар алқасын», «билер кеңесін» жандандыруға қажеттілік бар ма? Ашылғанда да бұл қоғамдық ұйымға қандай адамдар мүше болу керек және оның қызметтері қандай болмақ? – деген сұрақтарға жауап беріп көрелік. Осы сұрақтардың мәнін ашу барысында алдағы екі сұраққа да жауап беру жеңілірек болар. Ең алдымен, осы «ақсақалдар алқасы», «ақсақалдар кеңесі», «билер кеңесі» деген қоғамдық ұйымды ашуға құқықтық негіз бар ма?, – деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Біздің пікірімізше, мұндай қоғамдық ұйымды ашуға құқықтық негіз бар. Өйткені, Қазақстан Республикасының Конституциясының өзінде: «Мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы – халық», – деп көрсетілген. Ал егер де «мемлекеттік биліктің бастауы – халық», – болса, онда жергілікті әкімшілік-аумақтық аймақтарда (ауыл, аудан орталығы, қалаларда) халық өкілдерінен құрылған «ақсақалдар алқасы», «ақсақалдар кеңесі», «билер кеңесі» сияқты қоғамдық ұйымдар құру заңға қайшы келмейді деген ойдамыз. Қайта мұндай қоғамдық ұйымдар жаңа-жаңа қадамын нық басып келе жатқан Қазақ еліне оның құқықтық жүйесін және ұлттық құқықтық болмысын дамытуға үлкен ықпал жасайтын күш болары ақиқат. Әрине, мұның өзі әлі де болса талқыға салынып, ой елегінен өткізер мәселелердің бірі болып табылады. Осындай келелі мәселелерді шешу үшін Республика аумағында ғылыми конференциялар да өткізілуде. Солардың бірінде «билер сотын» жандандыру керек деген ұсыныстар да айтылып, қызу талқыланды. Бұл ғылыми конференцияда сөз алып өз пікірін білдірген заңгер ғалым М. Нәрікбаев былай дейді: «...Статистика көрсетіп отырғандай соттар негізінен көп көлемде азаматтық және әкімшілік құқықтық негіздегі ұсақ істерді қараумен айналысуда. Және оған көп уақыттарын кетіреді. Осыған байланысты мынандай сұрақ туындайды: бұл ұсақ дауларды билер сотына беруге бола ма?» (Нәрікбаев, 1999). Ал өз кезегінде М. Нәрікбаевтың ұсынысын елге белгілі заңгер Игорь Рогов та қолдап, «билер сотын құру өте маңызды мәселе және де бұл мәселе өзіне асықпай аса мұқиятпен қарауды талап етеді», – деді.

### Әдебиеттер

- Арипов Д. (2017). Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі. «Қазақ үні» газеті. №14499. 15.07.2017.
- Өтенияз С. (1996). Қазақ еліндегі билер институтының тағдыры. Әділет министрлігінің хабаршысы. №5.
- Созақбаев С. (1994). Тауке хан. Алматы: Жеті жарғы.
- Мадуанов С. (1995). Взаимоотношения казахов с другими соседними народами Центральной Азии в XVIII – начале XX вв. (политические и социально-экономические аспекты). Алматы.
- Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық, Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. Алматы, 2001, Т. 1.
- Сапарғалиев Ғ. (1997). Основы государства и права Республики Казахстан, Алматы.
- Материалы по истории политического строя Казахстана / со времени присоединения Казахстана к России до Великой Октябрьской Социалистической Революции. Т.1 Алма-Ата, 1960.
- Маковецкий П.Е. (2005). Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Омск.
- Кенжалиев З.Ж. (1995). Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот билігінің кейбір мәселелері. Әділет министрлігінің хабаршысы. №6
- Кенжалиев З. (1996). Көшпелі қазақ қоғамындағы негізгі құқықтық ұғым-түсініктер мен қағида-принциптер. / Қ.Р. ҒМ-ҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. №1.
- Зиманов С.З. (2005). Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. Алматы. Т.1.
- Зиманов С.З. (1960) Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. Алма-Ата.
- Байшев Ж, Жакиров К. (1995). Конституция 16 стран мира: Сб. конституций стран членов СНГ, Балтии и ряда др. государств мира. Алматы.
- Нәрікбаев М.С. (1999) Ұлы билерімізден жоғары сотқа дейін. Алматы.

### References

- Aripov D.A. (2017). Ruhani zhanгыru – tabysty el boluymyzdyn kepili [Spiritual revival is the key to the successful country]. «Qazaq uni» gazeti №14499. 15.07. 2017
- Uteniyaz S. (1996). «Fate of institute of биев in the Kazakh state». Announcer of Ministry of Justices. №5.
- Sozakbaev S. (1994). Tayke han [Тауке khan]. Almaty: Jeti Jargi.
- Maduanov S. (1995). Взаимоотношения Kazakhs with other nearby people of central Азий in XVIII- beginning of XX вв. (political and socio-economic aspects). Алматы, the Kazakh ordinary right : is documents, these researches. 10 tom, Answer.editor С.З.Зиманов, Алматы, 2001, Т.1.
- Sapargaliev G. (1997). Basis of the state and right for Republic of Kazakhstan. Materials on history of the political system of Kazakhstan /since tacking of Kazakhstan to Russia to Great October Socialistic Revolution. Т.1 Alma-Ata, 1960.
- Makoveckii P.E (2005). Materialy dlya izucheniya yuridicheskikh obychaev kirgizov. [Materials for the study of legal customs of Kirghiz]. Omsk.
- Kengaliev Z. (1995). Dasturli Qazaq qogamyndagy sot biiliginin keybir maseleleri. [Some questions of judicial authority in Kazakh ordinary society]. Adilet ministriliginin habarshysy. №6
- Zimanov S. (1960). Politicheskaya sistema Kazahstana v konce XVIII I pervoi polovine XIX vekov. [Political system of Kazakhstan of the late XVIII and early XIX centuries]. Alma-Ata.
- Baishev B, Gakirov K. (1995). Konstitutsiya 16 stran mira: Sb. konstitutsii sytan chlenov SNG, Baltii i ryada drugih gosudarstv mira. [A constitution of 16 countries of the world: Col. constitutions of countries-members of the CIS, Baltic and other states of the world. Almaty.
- Narikbaev M.S. (1999). Uly bilerimizden zhogary sotka dein. [From our great bii to the higher court]. Almaty.